**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2024 жылғы 16 тамыз №4712-234-00-2/2740 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Бекболатов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер Узбаева Нургуль Ертаевна

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1) мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану,
2) 14 410 теңге өсімпұл сомасын өндіру,

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы – толықтай қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Узбаева Нургуль Ертаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Узбаева Нургуль Ертаевнадан талап қоюшы Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 14 410 (он төрт мың төрт жүз он) теңге өсімпұл сомасы және 432 (төрт жүз отыз екі) теңге мемлекеттік баж алымын төлеу шығындары өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Т.Бекболатов

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 16.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.09.2024, судья Бекболатов А. Т., 11.10.2024

4712-24-3-1/2487